

# БАСҚАРУШЫЛAR

Басты бет / Заңнама / Заңнама

## Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге оның Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізі елдеріндегі қызметін санкциялайтын түзетуді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 22 наурыздағы № 83-V  
Заңы

Қайта оралу

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің  
2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 137 қаулысымен мақұлданған  
Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы **келісімге** оның  
Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізі елдеріндегі қызметін  
санкциялайтын **түзету** ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

*H. Назарбаев.*

*Бейресми аударма*

### № 137 ҚАУЛЫ

### ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ОНЫҢ ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТИН САНКЦИЯЛАЙТЫН ТҮЗЕТУ ЕҢГІЗУ ТУРАЛЫ

БАСҚАРУШЫЛАР КЕҢЕСІ

Солтүстік Африкада және Таяу Шығыста болып жатқан тарихи  
өзгерістерді бақылай отырып,

Басқарушылар кеңесі Директорлар кеңесіне басқалармен  
қатар Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің  
(Келісім) **1-бабына** ЕҚДБ мандатын қолданудың географиялық  
аясын тиісінше өңірлік кеңейтуді және осы кеңейтілген өңірдегі  
ЕҚДБ-ға мүше елдерге алушы ел мәртебесін беру үшін тиісті тетік  
жасауды көздейтін, бұл ретте оның мандатын қолдану аясының  
кез келген мұндай кеңеюі оның капиталына қосымша журналар  
енгізуді талап етпеуін және оның қазіргі алушы елдерінде ЕҚДБ  
операцияларының келісілген көлемдері мен әсерінің тиімділігінің

азаюына әкеп соқпауын қамтамасыз ететін түзету енгізуге қатысты Басқарушылар кеңесі үшін ұсынымдар дайындауды тапсырған «ЕҚДБ операцияларының өнірін ықтимал географиялық кеңейту туралы» 2011 жылғы 21 мамырда қабылданған № 134 қаулы туралы еске сала отырып,

Басқарушылар кеңесінің № 128 қаулысымен мақұлданған Директорлар кеңесінің 2011 – 2015 жылдар кезеңіне арналған күрделі ресурстардың жай-күйіне төртінші шолудың (4-КРЖШ) нәтижелері туралы баяндамасында өтпелі процесті аяқтау бұрынғыша ЕҚДБ-ның негіз қалаушы қағидаттарының бірі болып қала беретіні расталатынын да еске сала отырып,

Директорлар кеңесінің Басқарушылар кеңесіне баяндамасын онда басқалармен қатар қамтылған «ЕҚДБ операцияларының өнірін оған Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізі елдерін қоса отырып, географиялық кеңейтуге» қатысты ұсынымдарымен бірге қарап және олармен келісе отырып, Басқарушылар кеңесі ЕҚДБ-ның Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізі елдеріндегі операцияларын санкциялау мақсатында Келісімнің **1-бабына** түзетуді қабылдайды;

**ОСЫЛАЙША, ОСЫ АРҚЫЛЫ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келісімнің **1-бабының** редакциясыбы лайша өзгертілсін:

## **«1-БАП: МАҚСАТЫ**

ЕҚДБ мақсаты көп партиялы демократияның, плюрализм мен нарықтық экономиканың қағидаттарын ұстанған және оларды өмірге енгізетін Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде экономикалық прогресске және реконструкциялауға өз үлесін қоса отырып, нарыққа бағдарланған ашық экономикаға өтуге, сондай-ақ жеке және кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу болып табылады. Осы шарттардың орындалуын ескере отырып, Банк мүшелері иеленетін дауыстардың жалпы санының кемінде төрттен үшін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылданған оның шешіміне сәйкес Банктің мақсатына Банк мүшелері – Монголияда және Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізінің елдерінде де қол жеткізуға болады. Осыған байланысты осы Келісімдегі және оған қосымшалардағы «Орталық және Шығыс Еуропа елдері», «Орталық және Шығыс Еуропадағы елдер», «алушы ел (немесе алушы елдер)» немесе «алушы ел, Банк мүшесі (немесе алушы елдер, Банк мүшелері)» деген кез келген сілтеме Монголияға да және Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізінің осындай елдерінің әрқайсысына да қатысты болады.

2. ЕҚДБ мүшелерінен а) Банктің осы мүшесінің өз елінің заңдарына сәйкес көрсетілген түзетуді қабылдағанын айғақтатын құжатты ресімдеу және Банкке сақтауға тапсыру және б) осы түзетуді қабылдағанының дәлелдемесін Банктің қанағаттандыратын нысанда және мазмұнда ұсыну, сондай-ақ көрсетілген түзетуді қабылдағаны туралы құжаттың ЕҚДБ-ның осы мүшесінің заңдарына сәйкес ресімдеу және сақтауға тапсыру арқылы өздерінің көрсетілген түзетуді қабылдайтынын не қабылдамайтынын хабарлауды сұрайды.

3. Көрсетілген түзету, ЕҚДБ құру туралы келісімнің 56-бабында көзделгендей, оны қабылдауға қойылатын талаптардың орындалғанын Банк өзінің мүшелеріне ресми растиған кезден бастап жеті күннен кейін қүшіне енеді.